



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 6B01511 – Химия

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫ Ң МАҚСАТЫ

Практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар, оқытуды жүзеге асыруға қабілетті химия мұғалімдерін даярлау және жан-жақты дамыған студент тұлғасын қалыптастыру; химия саласында жүйеленген білімді қалыптастыру; қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік деңгейде химия бойынша оқу процесін ұйымдастыру; ғылыми зерттеулер жүргізу.

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбиелік;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;

ОҚУ НӘТИЖЕСІ (ОН)

ОН1-Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы мен философиясының теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерін жүйелейді, түсіндіреді, экономикалық деректер мен процестерді, қазіргі кезеңдегі ҚР әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі тарихи оқиғаларын дербес талдайды және өз болашағын жоспарлайды;

ОН 2-кәсіптің жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, педагогикалық өлшемдерді, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін педагогикалық қызметте қолданады;

ОН 3-тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби өзара іс-қимыл міндеттерін шешу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде ауызша, жазбаша нысандағы коммуникацияны пайдаланады;

ОН 4-оқушылардың зерттеу және жобалау қызметінде және білім беру үдерісінде ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі әдістерін қолданады;

ОН5-өмір бойы өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу қағидаттарын іске асырады, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына, білім алушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағдарланады, еңбекті қорғау талаптарын сақтауды көрсетеді;

ОН6 –білім алушылардың әлеуметтік, психофизикалық және жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды жүзеге асырады;

ОН 7-химияның жалпы және қолданбалы аспектілері бойынша өз қызметін жүзеге асырумен байланысты мақсаттар қояды және міндеттерді тұжырымдайды;

ОН8- жаратылыстану пәндерінің заңдылықтарын анықтау үшін жаратылыстану компоненттерінің өзара байланысын бағалайды, тиімді білім беру процесін арттыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;

ОН9-жаңартылған білім беру мазмұнында химияны оқытудың ерекшеліктерін, оқытудың инновациялық әдістерін және оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдарын қолданады.

ОН10- химияның теориялық және эксперименттік негіздері мен химияны оқыту технологиялары бойынша білімдерін қолданады, оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру әдістерін, сондай-ақ химияға қызығушылықты қалыптастыру және күнделікті өмірде химия саласындағы білімді пайдалану тәсілдерін қолданады.

ОН 11-химиялық зерттеулер контекстінде салалық, өңірлік, отандық және халықаралық проблемаларды жүйелейді және жинақтайды, экологиялық проблемаларды анықтайды және адамдарды қорғаудың оңтайлы жолдарын, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартудың түрлі нұсқаларын ұсынады;

ОН12 –жаңа қызметтерді – білім алушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын, құзыреттерін жасауды қамтамасыз ететін кәсіптік білім беру жүйесіндегі кәсіпкерлік негіздерін білетіндігін көрсетеді, кәсіби әлеуетін дамытады, бұл оның жеке өсуін жандандырады және көшбасшылық қасиеттерін ынталандырады.